



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

Қоңыр күздің
қоңыр үні

айлық журналы
ежемесячный журнал
№7 (7) 15.10.2014

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!!!

Әне - міне дегенше жаңа оқу жылы да басталып кетті. Бұл дегеніміз - оқу ордамыздан еліміздің салықалы өнерін, мәдениетін дамытуға ат салысатын кәсіби мамандардың тағы бір легі қанаттарын қағып ұшуы, кезекті қарлығаштар тобының келіп қатарымызға қосылғандығы.

Жаңа орта... Жаңа таныстық... Жаңа мақсат... Күннен күнге қарыштап дамып жатқан елімізде жаңалықтың алуан түрін естиміз. Атқарылып жатқан шаралар санында шек жоқ. Міне, біздің басты мақсат – осы ақпараттардан, жас өнерпаздардың тың еңбектерінен өз оқырмандарымызды құлағдар етіп отыру. Сол себепті де, біз өздеріңізбен қайта қауышқанымызға өте қуаныштымыз құрметті оқырман! Алда атқарар іс көп... Бізбен бөлісер ойларыңыз, жүзеге асырар істеріңіз болса, қол ұшын беруге әрдайым дайын екендігімізді айтқымыз келеді. Олай болса, іске сәт дөстәр!

Құрметпен, журналдың бас редакторы,
Гүлім Көпбайқызы

Ағалар алқасы:

Мұсаходжаева А.Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Дүйсекеев К.Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Мейрамов Т.У. - Қазақстанның халық артисі, профессор
Мұқанова Р.Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Нөгербек Б.Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор
Сығай Ә.Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор
Юсупова А.К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы
Редактор: Камила Габдрашитова
Тілшілер: Қуат Ежембек
Мирас Әбіл
Нұрислам Абдил
Александра Поршнева
Евгений Лумпов
Амина Габдрашитова
Дизайнер: Ахат Азтай
Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru



МАЗМҰНЫ

Қ. Ежембек	4	ҚАНДАҰ ҚҰДІРЕТ ЕДІҢІЗ, РОЗА МҰҚАНОВА?!
Н. Абдулла	6	ТАБУФАТ БЕРГЕН ҚАСИЕТ...
Н. Абдил	8	БЕС МИНУТТЫҚ СҰХБАТ...
М. Әбіл	10	КЕҮІПКЕРІН ДЕ, КӨРЕРМЕНІН ДЕ МИЯУЛАТҚАН...
Н. Салимов	12	ҚОҒАМЫ СЫРТҚА ТЕПКЕН ЖАЗЫҚСЫЗ ЖОЛ...
А. Молдабаев	13	ТҮННИҢ СҮҮКІМІ
А. Шунькин	14	ҚИЯЛ КӨКЖИЕГІ
З. Ануар	16	АҰ ЖҰТЫЛҒАН ТҮН

Қандай күдірет едіңіз, Роза Мұқанова?!



Дарынды қалам иесі, маржандай әрі уытты шыншыл сөздерімен күллі қазақты өзіне қаратқан жазушы-драматург Роза Мұқанованың биыл елу жас мерейтойы аталып жатқанынан барлық айбынды алаш елі хабардар болғаны хақ. Саналы ғұмырында тірі пенде атаулысына жағымсыну деген жиіркенішті әрекеттен бойын аулақ ұстап келе жатқан өнер адамына тағзым жасау, ол да бір азаматтығымыздың белгісі деп білеміз. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерін кім не десе де, өз басым менің ұлагатты ұстаздарымның бірі деп танымын. Себебі, Роза Мұқанова жарқын шығармалары арқылы өмірдің мән-мағынасын ұғынуға талпындырып келеді. Нәзік жанның қайрат берер, әділдікке ұмтылдырар туындылары әлі талай оқырмандарын өзіне баурауы айқын.

Жазушылық пен ұстаздықты қатар алып жүріп, қалам дейтін қайтпас қаруды серік еткен азаматшаның өресі биік өнеріне тәнті екенімізді ешкім де жоққа шығара алмайды. Осынау дара қасиет тәңірдің тартқан сыйы деп ұғынарымыз өу бастан әнбеге аян. Сондықтан өзгелерден бөлек өзіндік қол таңбасын қалыптастыра білген суреткер Роза Мұқановаға әрқашан ілтипат танытайық.

Айыпқа бұйырмассыз... Дәл қазір өзіңізге тіл қатқым келіп тұрғаны... Әрине, адами бауырлық тұрғысынан. Тіршілік иесінің жанын жасқа малатындай бойыңызда нендей киеніз бар екен? Осыны ұға алмай отырмын! Иә, айналамда қаншама адам жұмыс әрекеттерімен сабылып, қасымнан айналшақтап жүр. Бірақ, мен жалғызбын. Жалғызбын деймін-ау... Жо-жоқ біз екеуіміз ғой... Менің қолымда қазақтың киелі қаны бойына бақыт болып біткен жазушы-драматург Роза Мұқанованың кітабы бар емес пе?! Осын-ау асыл қазынаны оқыған сайын қос көзімнен ағыла шыққан тамшы жас жерге тамып, құмға сіңіп жатыр. Неге? Қалайша? Сыртқа шығармастан қайғырып отырғанымды кім сезсін? Қайталап сұрайыншы... Осыншама тыныштығымды ұрлап алып, лезде қайғыртып жіберетіндей қандай күдіретіңіз бар? Мен онаша жұрттан шалғай кеткім келеді. Себебін айтыңызшы... Біле алмадым... Түсініксіз...

Күні кеше оқу ордамызда білім алып жүрген құрдасым, өзіңіздің шәкірттеріңіздің біреуінен ұялы телефоныңыздың нөмірін алған едім. Бірақ, қоңырау шалайын десем батылым бармайды. Жүрегім дауаламайды. Мүмкін, ол аз да болса менің ұяңдығымның белгісі шығар. Оның үстіне мен бар болғаны қарапайым, өмірдің шын ауыртпашылық немесе жайдары шақтарының бал дәмін енді ғана татып жүрген студентпін ғой. Сол бір сәтте жүрексініп қалғанымның себебі де осында жатқан болуы әбден ықтимал. Сіз талантты, әрі көпті корген атақты жазушысыз. Алайда, сізді небір мақтауларға аса бой алдыра қоймайтын қаламгер деп білемін. Шын мәнінде ұлы адамдар ешқашан «мен ұлымын» демейді ғой кеуде қағып. Бұл жағын тағы да өзіңіз мәлім етіп отырсыз. Қалай дейсіз ғой? Әрине, шоқтығы биік шығармаларыңыз арқылы. Жазғандарыңыз тұла-бойымды ерітіп барады. Міне, қараңызшы... «Өзің» деген әңгіменіңіздегі кейіпкеріңіз әлемге әйгілі суретші Сергей Калмыковқа жан бітіріп, сөйлету арқылы мынандай ой тастайсыз: «Жұрт ұлыларды ақшасын шашып жүретін бай, күннен күнге өсіп келе жатқан атақ-даңқ пен дәрежесінің иесі деп, қолжазбасының әр беті шытырлаған көк ала ақша деп, табаны тиген жердің бәрі иіліп,

тәжім етп тұрады деп ойлайды. Нағыз ұлылардың тағдырын білеміз ғой. Бұтында жұқарып жыртылуға сәл қалған шалбары болады, тозығы жеткен шұрқ-шұрқ нәскиі, кие-кие өңі кеткен польтосы бар, қайыршылықтың алдында тұрған бейшара, пақыр».

Иә дәл осылай айтасыз. Сіз де қарапайым жансыз-ау. Жүрегіңізде торлаған ешбір тозаң жоқ деп білеміз. Анығында туындыларыңыз жансарайыздың әділеттілігінен хабар беріп тұрған жоқ па? Әрбір шығарма жазушының өзі. Ол көне ғасырдан дәлденген. Өмірдің ащы дәмін татпаған, елінің қасіретін сезінбеген, оны санасынан өткізбеген пендеден үлкен суреткер ешқашан шықпаған һәм шықпайды да. Тарихты қазбалап, саралзйтын болсақ соған әбден көзіміз жетеді. Жазушы Роза Мұқанова сіздің де қалың мұңыңыз бар! Көпшілік одан бейқам, хабарсыз. Сіз киелі Шығыс Қазақстан облысы, Ұржар ауданы, Көлденең ауылында дүниеге келдіңіз. Осы аймақтың адамдарының бастан кешкен азабы да аз емес қой. Оны бәрі билуге тиісті. «Мәңгілік бала бейне» туындыңыз арқылы құрып кеткір «полигонның» зардабы тек семейліктердің ғана емес, ортақ қазақтың қайғысы деп жас ұрпаққа түсіндіре алдыңыз. Неткен биік қаламгер едіңіз. Қара жамылған Қарауылдың тұрғындарының сол кездегі халі бүкіл халықтың жағдайынан сыр шертсе, ондағы өспей, жетілмей бала бейнеде қалған Ләйлә қыздың тағдыры арқылы жалпы елдің жай-күйінің бүкпесіз дидарын танытып суреттедіңіз. Иә, Ләйләнің қасіреті бар қазақтың зары ғой. Соны барлық адамзат қауымына жеткізе алғандығыңыз үшін де алдыңызда басымызды иеміз. Тілге тиек болып отырған әңгіменіздің «Қызжылаған» атты драматургиялық нұсқасы да бар. Ол пьеса Алматы қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы академиялық, яғни еліміздің бас театрынан бастап, бүкіл облыстық театрлар сахналарында да қойылып келеді. Әлгі күнге дейін бұл спектакль театр репертуарларынан түскен емес. Осы орайда «Көрермен неге аталмыш қойылымға көптеп келеді?» - деген көкейде сұрақ тууы мүмкін. Оған да жауап іздеп көрген едік. Бұл шынайы зар заманды бейнелейтін туынды. Сондықтан дүйім жұрт оны әркезде де жақсы қабылдайды. Ондағы оқиғалар желісі өмірден алынған.

Роза Мұқанова, туындының шығу тарихы туралы өзіңіз біздерге сан мәрте былай деп баяндаған болатынсыз: «Сонау Семейде туылып, сол мекенде мүгедектік халге душар болған адамдардың фотосуреттері қойылған көрмені бірде аралап жүріп, бар назарым кішкентай ғана қыздың суреттегі бейнесіне түсті. Бет әлпетіне қарап, ол бүлдіршінді бес-алты жаста шығар деп ойлаған болатынмын. Алайда, суретке жақындай келгенде оның астындағы «Еңлік, жасы он төртте» деген жазуды оқыдым. Міне, бұл дәл осы оқиға суреттегі сәбидің болмыс-бітімі қатты толғандырып, толқытып, тебіrentкен соң халқымыздың басынан өткен қасірет жылдарын негізге алып, қалам тартуға тура келді».

Иә, полигонның нағыз зардабын тартқан Семей халқы 2011 жылы «Қызжылаған» атты пьесаңызды театр сахнасының төрінен көрді. Спектакль Семейдің Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрында ҚР еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Нұрлан Жұманиязовтың жігерлігімен жұрт алдына ұсынылған болатын. Әлі есімізде... Қойылымның алғашқы премьерасының өзінде-ақ, көрермен қауымның егіліп жылағаны. Көз жастарын көл қылғаны. Демек, туынды елдің жүрегіне жете алды. Мінекей, бұл жайттардың бәрін еске алып мен де мұңға батып отырмын. Тінтен, ядролық бомбаның қауқары толықтай жетпеген жерге сіз бір ғана шығармаңызбен бүкіл дүниені дүр сілкіндірдіңіз. Қандай құдірет еді?! Бұл ұшқыр ойыңыз бен қаламыңыздың құдіреті болса керек. Иә, иә дәл солай! Мені манадан бері мазалаған жұмбақ сырдың шешімін енді ғана тапқандаймын. Рас, жанымды жаралап отырған тылсым күштің құпиясы осында жатыр екен ғой...

Табиғат берген қасиет



Өнер ұғымын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Әр адам бұған әр түрлі көзқараспен қарайды. Оған берер бағасы да, генер құбылыстары да сан қырлы. Бірақ, барлығының да айтар ойы бір, бұл – өнердің жан ләззаты екенін мойындау. Табиғат барша адамға белгілі бір өнер түрін сый етеді. Дегенмен де, оны ары қарай дамытып, соның шеңберінде жетістікке жету адамның өз қолында. Өнер деген белгілі бір шеңбердің айналасындағы ғана емес, адамзаттың бойындағы барлық ізгі қасиеттердің бейнесі. Осы тұрғыда Қазақстанның еңбек

сіңірген артисі, танымал актер Бекболат Құрманғожаев бізбен әңгіме бөлісе отырып, «Өнер» деген қасиетті ұғымға тамаша теңеулер жасады.

«Өнер – үлкен ұғым. Әр адамның бойына туа біткеннен табиғаттың берген ерекше қасиеті бар. Өнер – кез-келген адамның бойында бар қасиет. Кез-келген мамандықтың шынайы маманы – талантты жан. Мысалға, егінші көбірек өнім алудың жолын біледі, бақташы да бақтың дұрыс бапталуына мән береді. Бұл да өзіндік өнердің бір түрі. Сол себепті де, өнер ол өте ауқымды дүние. Ал біздің салаға келсек, өнердің орны ерекше. Мұндай өнердің түрі адам баласына рухани азық береді. Бұл – шығармашылық өнер. Ол актер немесе суретші, музыкант болсын бұл туа біткен талант. Біздің тұрғыдан келгенде, әрине, біз шығармашылықтың адамымыз. Шынайы өнер шыңдалумен келеді. Негізінде адам бойындағы өнер бір-ақ пайыз, ал қалғаны еңбекпен келеді.»

Көпшілік өнер адамы десе, сахнада жүрген жұлдыздарды елестете бастайды. Шын мәнінде қарапайым техникалық, медициналық, педогоикалық маман иесі де «өнер адамы» деген мәнерге әбден лайықты. Шынайы өнер иесі болу қиын, ал өнер саласына жаңалық арқалап келу бұдан да қиын. Және де ондайлар көпшілік ішінен өте аз, бірінің арасында бірегей болып қазақ театрына жаңалық енгізген Бекболат ағамыз Қазақ КСР-інің халық артисі Бикен Римованың мадақтау сөзін былай деп еске алады:

«Бикен апамыз мен театрда ойнап жүргенімде: «қазақ театрында пластикалық шешім жағынан жұмыс атқарған алғашқы актер сенсің» деп айтатын еді...»

Бикен апамыздың бұл сөзімен әбден келісуге болады. Бекболат Құрманғожаевтың арқалап жеткізген жаңалығы осы еді. Қасиетті сахна өз төріне кім көрінгенді шығармайды. «Біз өнерді емес, өнер бізді таңдайды» демекші, адам баласын «өнер» атты сұлу құбылыс таңдап алған тұлғасын бала кезден өзі қолдан жетектейтіндей.

Бір қызық оқиға есімде еміс-еміс қалып қойыпты. Мен үшінші-төртінші сыныпта оқитынмын. Сол кезде биші, марқұм Шара Жиенқұлова Алматының түбіндегі біздің ауылымызға келіп, биші балаларды таңдап алыпты. Сонда Шара апайымыз мені таңдаған екен. Әкем келіскеніммен, атам жібермей қойды. Сонда Шара апамыз бата беріп кетті ме, әйтеуір, өнер жолындағы би саласына бәрібір келдік. Өнер жолына мен сонау жетпіс үшінші жылдары келіпін. Алматы политехникалық институтының энергия факультетін тастап, Алматы эстрада-цирк колледжіне түстім. Би өнеріне. Институтта өте жақсы үлгеріммен оқысам да, өнер өзіне тарту күшінің жоғары екенін байқатты. Онымен қоса, мен өлең оқығанды қатты ұнаттым. Бала кезімнен мен атамның қолында өскен едім. Атам батырлар жырын жатқа білетін. Өлең оқу сол менің атамнан дарыған қасиет. Содан кейін жетпіс тоғызыншы жылдары театр өнері



тартып тұрды. Сөйтіп, Әуезов театрында жұмыс атқардым. Режиссерлер мені көбінесе қимыл арқылы жеткізілетін көріністерге қоятын. Қазір қарап отырсам, өнерге келгеніме қырық жылдан асыпты.»

Өмірлік ұстаздар мен өнердегі ұстаздарын кейбір өнер адамдары бөлек ұғым десіп жатады. Алайда, ұстаз деген терең ұғымның мағынасын анықтау өте қызықты.

«Ұстаз дейміз, бірақ ұстаз деген сөздің өзінің мәні неде? Ұстаздық ол ұлылық. Менің ойымша шәкірттің басына біткен үйретушісі, ұстаз емес, мұғалім. Ал, мұғалім сөзінің мәні ұстаздан да жоғарғы дәрежеде сияқты көрінеді. Өйткені, ең алғашқы ұстазды балалары «мұғалім» деп құрметтейді. Әліппені қолға алып білімнің алғашқы есігін ашатын да мұғалім емес пе? Ұстаз бола білу де өнер болса, шәкірт деген дәрежеге жету де үлкен еңбекті талап етеді. Негізінде актер мамандығына келушілер өте көп. Ал біздің міндетіміз, сол көп талапкердің арасынан үлкен сұрыптау жүргізу арқылы нағыз талант иесін таңдап алу. Яғни, баланың ішіндегі жылт еткен талантын көре білу ұстаздың ерекше қасиеті болса, ал қабылданған студенттің ерекшелігі талаптану. Тынбай еңбектеніп, жетістікке жетіп, ұстазының мақтанышына айналған студент қана «шәкірт» деген атауға лайықты. Бәрін де шешетін тек еңбек, талап. «Талаптыға нұр жауар» деген де сол. Ал, қазіргі таңдағы білім алып жүрген студенттер сол дәрежеге жетуге тырысулары керек деп білем. Әзірше олар студенттер, ізденушілер.»

Бұл пікір, әрине, қалыптасушы, жетілін келе жатқан өнер иесі үшін қызықты ой. Дарынды режиссер актердің рухани азығы кітап екендігін айта келіп, өзінің шәкірттерінен осыны талап ететіндігін, сонымен қатар қазақ әдеби кітаптары мен шетел әдебиеттеріне де көз жүгірткенін қалайды.

«Актер үшін біріншіден, өз халқының болмысы мен мәдениетін білу міндет болса, шетел мәдениеті мен әдебиетінен хабардар болғаны да жөн. Өйткені, сахнада кез-келген спектакль қойылып, кез келген рөл ойналуы мүмкін, соны терең түсініп, жүрекпен сезіну үшін бұл білім актер үшін ауадай қажет.

Әр адамның өмірі өз қолында. Адам бір жағдайға түссе «тағдырдың қалауы» дейді, бірақ та өз өмірлері өз қолдарында екенін, өз тағдырының режиссері де, актері де өзі екенін сезінбейді. Тіпті, өз өмірінің сценарийін жазатын да өзі. Әрине, өмір деген ұстаз. Үйретеді, үйренбесең күйретеді.»

Аталмыш өнер иесі өзінің суреткерлік, яғни табиғаттың сырын аса терең түсіне алатын қасиетке ие екенін де бала кезден байқапты.

«Мен бала кезімде Алматының өткірші жаңбырына шомылып, ойнағанды, оның үстінен шалпылдатып жүсіргенді ұнататынмын. Бұл жаңбыр жып-жылы, әрі суы да мол болатын, тіземізден асып кететін. Ал жаңбыр тоқтаған сәтте, күн шайдай ашылады. Ағаштың жапырақтарында жаңбыр тамшысы қалып қоймаушы ма еді?! Соны тамашалау үшін жерге жатып алып жапырақтың астынан қарайтынмын. Ағаш жапырағының үстінде тұрған тамшы күн көзімен шағылысып жылтырайды, ал астынан қарағанда, сынап сияқты дірілдеп тұрады.»

Мұндай көріністерді кез-келген пенде аңғармайтыны анық. Тек жүрегінде өнер нұры жанған жан ғана табиғаттың сұлулығына үңіле алады. Міне, өнерге деген талпыныс, құштарлық бала кезден берілетін қасиет екені осыдан-ақ белгілі емес пе?!

Бес минуттық сұхбат...

Уақыт ешқашан бір орында тоқтаған емес... Тоқтамақ та емес... Бір қарасаң алтын ұя мектепті тәмәмдап, білім кемесіне аттанасың. Енді бір қарасаң сол оқу ордаңды аяқтап, белгілі маман иесі атанып, өмір мектебіне сапарыңды жалғастырасың. Уақыттың құдіреттілігі де осында жатса керек. Болашаққа қадам басқан сайын адам баласының санасын, өмірге, мамандыққа деген көзқарасын, зейінін мың құбылтып, ой елегінен саралап өткізеді. Құрметті оқырман, біз өздеріңізбен етене жақын болу барысында әр кез алуан түрлі тақырыпта сұхбаттасып, өз замандастарымыздың ойын журнал бетіне жариялап, көпшілікпен бөлісуге асығамыз. Соның бір бөлігі ретінде алдағы жылда қанат қағып ұшқалы отырған түлектер мен жаңадан қатарға қосылған қарлығаштарымыздың арман, мақсат, жоспарларымен қоса жаңа ортаға деген жаңашыл көзқарасы және бітірер алдындағы бүкпесіз шындықтары мен ізгі ниеттерін білдірген кішігірім ой-пікірді өз назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.



Әбенев Заңғар, Еркебаев Қайрат
4 курс «Драма артисі» мамандағы

Көзді ашып-жұмғанша төрт жылдың артта қалып, алда диплом алу сәтінің шақ қалғанына таңданысып қана қоймай, биылғы жылдың машақаты ауырын, төрт жыл бірге оқып, біртуғандай сыйласқан іні-қарындастарын қимайтындарын тілге тиек етті. Әрі қатарластарының дені Астана мен Алматы театрларын аңсайтынын, кейбірі оқуларын жалғастыратынын, телевизия саласы мен киноға түсуді жоспарлағандарын, ал облыстық театрларға баруға бірде-бірінің құлықсыз екенін жасырмады. Көкірегі гүлге оранған Гүлжан Әспетова ұстаздарына деген ыстық алғысы мен ынтық махаббаттары үзілістік әңгімедегі сұхбаттасуда ысырылып қалмады. Төрт жыл білімнің нәрін, шеберліктің дәмін, тәрбиенің балын сіңіре білген оқу орнына деген жылы лебіз, шексіз алғыстарын жаудыра келе, азды-көпті уәждерін ортаға салды. Мәселен, мамандық пәндері аптасына екі-ақ рет жүргізілетінін, тәжірибенің жоқтығын, өнердің барлық түрі тоғысқан осы бір ордада студенттер бас қосып қойылымдар қойсақ, профессорларға, ұстаздарға жалтақтамай студенттердің шығармашылық ортасын құрып, өз күшімізді нығайтуға бір адамдай ат салыссақ деген пікірлері көңілге қонымды болды.



Нұрслан Сайдалин
4 курс «Дәстүрлі ән» мамандығы

Дүниенің дүрмегіне малданбай, қоғамның күрмеуіне байланбай, ықылым заманнан бері мәрттігін, беделін, биіктігін, аласармас асқақ өнер екендігін дәлелдеген дариядай сарқылмас өнеріміз, өрине дәстүрлі ән өнері екендігі ақиқат. Серілер мен салдардан, қайқылар мен жыршылардан, ақындар мен орындаушылардан бізге жеткен осы өнер өз құндылығын жоймақ емес. Бес минутсыз қолына дипломын алып, мамандық иесі атанғалы отырған Нұрсланның мақсаты да, арманы да осы өнердің қамы. Тулаған қаны мен толқыған әнін құлатпастан туған жеріне ту қылып тікпек. Алдағы уақыттың аз қалғанын, мамандық пәндердің сағаты аз болғанын, ұстазынан ұлт үшін

Өнер өрісі

үйренер жәдігерлердің әлі де болсын көп екеніне налиды, толғанады. Эстрада әншілерінің тасы өрге домалап, осы бір дәстүрлі өнердің кенже қалып бара жанқанына да жаны ашиды. Алдағы уақытта университет әкімшілігінен жанашырлықты, басшылықтан қамқорлықты күтіп, төл өнерді дамытуға деген төрелерден төрелік күтетінін де көпке аян етті.

Бір сөзінде: «Мүмкін өнеріміз өрістер ме еді? Университ қабырғасында қазақы домбыраның құны дәл скрипкадай бағаланса... бірақ қайдам төрт жылда көргеніміз «Жамбыл» залы мен «Шопен» залы ғана» - деді, тәжірибе мен бағалаудың жоқтығын тілге тиек етіп. «Құдайдай қорғаушымыз бар да, елбасымыздай ойлаушымыз бар да, халқымыздай қолдаушымыз бар да өнеріміз де өзгесі де өле қоймас» - деп, өз жанын өзі жұбатты. Кейінгі іні-қарындастарына да сәттілік тілей отырып, өр өнердің адал өкілі болындар деп ақылын да алға тартты.

Ысқақ Дәурен

I курс «Айтыс» мамандығы



Жаңа оқу жылының жаңа жаңалығы «Айтыс» мамандығының ашылғаны. Өмірде таланттан талапты жоғары бағалайтын құрдасымның ойына үңілсем, ойы бар кез-келген адамды ойландырмай қоймайды-ау шамасы. Болашақ арманы танымал ақын болу емес, ұлттық өнерді әлемдік деңгейге жеткізетін, ұлт намысын ту ететін «Көпбай Омарұлы атындағы» айтыс мектебін апу. 2000-шы жылдардың басындағы ең мықты Т. Мұхаммеджанов, К. Дәулеткерей, Д. Оразәлі, т.б сынды жаңа толқындардай қазіргі дамыған айтысқа басқаша рең беру ертеңгі күнге қойылған мақсатының бірі. Топтарында не бары төрт студент екенін, төртеуінің бір ұстазбен ғана шектелін қалмай төрт түрлі қолтаңбада тәрбиеленгендерін қалайды. Мысалы, Б. Имашов - шоу айтыстың дүлдiлi, А. Әлтаев - сыйластық айтыстың көсемі, Р. Зайытов - шаппа айтыстың шешені, т. б. да керемет деген ақындардың алдынан өтіп жеке стиль қалыптастырсақ деген ойда. Айтыс өнеріне жақын жандардың басын қосып, жиі-жиі айтыс ұйымдастырылып тұрса деген ниетте. Шеберлік сыныптары мен өр түрлі кездесулердің көп болуын күтеді. Сонда гана жаттандылықтан жырақтап, суырып салмалыққа бет бұрармыз деген тілегі бар бала ақынның. Жас ақынның жалынды тілінен айтыстың бүгінгі бейнесі, ақиқаттың ауыр жарасы да алшақ қалмады. Оңтүстік Корея мен Солтүстік Корея сынды бөлінген айтыс ақындарына балалық көңілі қатты налалы. Жүрсіннің жүйріктері мен Нұр Отанның ақындары деп бөлінген екі күштің күш біріктірер, алиқалы өнердің саясаттың шырмауынан шығар күнін асыға күтетінін де жасырмады.

I курс «Муз драма» студенттері

Армандары асқақ, мақсаттары биік, талаптары таудай, әңгімеге бейім жастар бірінен соң бірі өз армандарын ортаға сала бастады. Қайсы бірін алсаң да тау қопарар талабы бар. Бірі диктор, бірі артис, бірі білікті маман, бірі педагог, бірі танымал, бірі қайраткер т.б толып жатқан титулдағы азамат пен азаматша болуға әлек. Әйтеуір, арасында далада қалар ешбірі жоқ. Лайым солай қылғай. Ойдағысы болып, арманына апарар жол осы университет екенін түсіпген олар көңілдегі алғысы мен іштегі рахметін айқара ашып тастады.

Келгені кеше ғана болса да, көпшілік пен тіл табысып үлгергендері жаңа ортаға жатырқамай бейімделіп келе жатқандары көрініп-ақ тұр. Алдағы оқу жылдарында шеберлік сағаттары мен ізгі бастамалардың көптеп өтілуіне тілектес екенін, ел мәдениетін көтеру жолында аянбай ат салысуға мүдделі екендіктерін де ашып салды.

Кейіпкерің де, көрерменің де мияулапқан...



Театрдан шығып жатқан көрерменнің қарасы мол. Шат-шадыман күйге бөленген жастар қиқулап, «мысықтай мияулап» барады. «Мысықтай мияулағаны несі?» деп таң қалмаңыз. Бұл 25 қазанда актер Дәурен Серғазиннің режиссер ретіндегі екінші туындысы «Алғашқы махаббат» комедиясының естен кетпес эпизодының бірі еді.

Театрдың сегізінші маусымының ашылуын асыға күткен көрермен қауым үшін Астана қалалық Жастар театрының сахнасында қаламгер Қанат Жүнісовтің шығармасының қойылуы үлкен жаңалық болды. Қойылымды көрген адам басынан кешкен бал күндеріне, оқушы кезіндегі оралмас сәттеріне қайта сапар шеккендей әсер алары сөзсіз. Жас режиссер Дәурен Серғазин жазушы шығармасын көкірек көзінен, жүректен өткізіп, оған өзгеше бояу, көркем нақыш берген.

Алдымен көңіл аударар образ - Қанат. Ол шығарманың жүгін арқалап тұрған негізгі кейіпкер. Оқушылардың ішіндегі ең бұзақысы сол болғанымен, ақынжанды, жүрегі нәзік, ғашық болған адамы үшін өмірдің қай тосқауылына да қарсы тұратын тәуекелшіл жігіт. Қанат рөлін кейіптеген Нұрлыбек Төлеген өзінің өзгеше ойынымен, ғашық атаулыға тән албырт сезіммен бозөкпе бозбаланың мінезін жақсы ашып берген. Содан ба, жеңіл комедия көпшілік назарын өзінен алыстатпай, бір ендікте ұстап, сахнаға ұмсындыра түсті.

Мәдина Май ойнаған Гүлзат бейнесі де қызу дайындықтың жемісі. Бозбала сезімін баурап алатын тылсым күш, жақсы қасиеттермен көмкерілген ажар әйелдің тал бойына тоғысқандай. Дәл осындай сәтті шыққан бейнелерге мектеп директорын (Б. Құсанбаев), Қайрошты (Е. Тілеуқенов), Батырды (Е. Шайкенов) жатқызған жөн болар.

Ал, біз басында айтып өткендей, театрдан тыныс алып шыққан көрерменнің көкейінен кетпей, әңгімелеріне арқау болып, кейіпкерін де, көрерменін де «мысықша мияулапқан» келесі бейне – белгілі актер Әділ Ахметов жан бітірген Айбол образы. Сахнаны еркін меңгеріп, елдің ықыласына бөленген актер бұл жолы ерекше шеберлігімен көзге түсті. Жасыратыны жоқ, аспасөз беттерінде еміс - еміс Әділдің актерлігі



бірсарындылыққа, бірізділікке салынып бара жатқандығын, кейіпкерлерінің бірі-біріне ұқсап кететіндігі туралы жазылып та жүрді. Міне, бүгін осы ойларды Әділ жоққа шығарды. Ол образды биік деңгейіне дейін көтере келіп, осындай жағымсыз типтердің жәдігөйлiгін жеріне жеткізе бейнеледі. Мысық мияуын келістіре салған Айболдың иненің көзінен өтетін айлакерлігін мойындамасқа хақың жоқ.

Әрине, сахнаға шыққан қандай туынды болмасын, актердің солғын ойнауға қақысы жоқ. Ал, театрға енді еті үйреніп келе жатқан жас орындаушылардың шеберлігін ұштауда немесе олардың рөл жасау сәтіндегі алғырлығын реттеуде бұл қойылым алдағы уақытта өз міндетін толығымен орындайтына сеніміміз мол. Тек Жастар театрының көрермені көбінесе оқушылар болатынын ескеріп орысшаны сәл азайтып, қазақ тілінде сөйлеген дұрыс болар. Мафия ойыны тым орысшаланып кеткен, ана тілін театрдан үйренсе нұр үстіне нұр болар. Ұрпақты тәрбиелеу өз қолымызда.

Жан-жақты шығармашылық ізденістерін, сан алуан көркемдік бейнелеу тәсілдерін қарастыруда Д. Серғазин режиссурасы өзінің өсу қарқынын еселеп келеді. Оған қойылымның безендірілуі де, әуен сазбен орынды астасып, бимен серпін алуы, көркем туындының түлей түсуіне өз септігін тигізген. «Алғашқы махаббат» – елордалық театр-дың үлкен табысы. Сонымен, актер Дәурен, режиссер Серғазин өнер өріне тағы бір батыл қадам жасады. Ұстаз бен шөкірт арасындағы махаббат тоғыспаса да, өз арнасын тауып, өзгеше шешілді. Ал, мектеп директоры мен ауыл тұрғыны Айболдың мысықша мияулап қала беруі көңілге қонымды финал. Қазақтың әр ауылында тіршілігі тасада қалып, жастық шағы ұрланып, уақыты зымырап өтін жатқан өмір кейіпкерлері көп-ақ...

Біз жатақханаға жеткен соң да студенттер спектакль туралы ұзақ толғанды. Жарайсың, Жастар театры! (Қойылым аяқталған соң артистер сахнаға шығып халықтың қошеметіне бөленді. Қуанышпен сахнаға қарғып секірген Дәурен кенеттен, абайсызда аяғы тайып құлап түсті. Әділдер де құлады. Бұл ешқандай тапқырлық емес. Театрдың ауызбіршілігінің көрінісі еді...)

Мирас ӘБІЛ

ҚОҒАМЫ СЫРТҚА ТЕМКЕҢ ЖАЗЫҚСЫЗ ЖОЛ...

Мен көрген, мен естіген, мен толғанған бұл күнде қаһарманнан қалған жалғыз шырақ бар. Қара жолды қылмыскерлердің қорлығынан мұздап қалған жүректерге жылу беретін де осы шырақ. Бұл - ата-ананың қадірін білмей жүргендер мен ерен еңбектерін бағалай алмайтындарға сабақ беретін шырақ. Қатыгез қоғамнан құтылуға да жол ұсынатын шырақ осы ғана. Ендігі тұста қандай да аласапыран ауа-райы мен екпіні қатты зұлым жел келіп, сені өшіріп кетеді ме екен деп алаңдаймын.

Кешегі төккен маңдай тер, еңіреп еткен ер еңбек көз алдымызда сағымдай бұлдырап бара жатқанын байқады ма біреу? Атадан қалған аманатты балаға, кейінгі ұрпаққа жеткізбей қиянат жасап отырғандарға не дерсің? Бар өмірін өнерге арнаған ұлттық өнердің жанашыры жасаған ұлы еңбекті естен шығарып, болашаққа ұмтылып жатқандарына жол болсын. Атамыз салған сара жолдан ығысып, қара жолға түссек қайда барамыз? Иә, мен талантты режиссер, педагог, қоғам қайраткері - ұлы Мәдиұлының еңбегін, қазақ театрын әлемге танытқан Халық қаһарманы Мәмбетовтың жасаған бай дүниесін, 1970 жылы Қазақстанның, 1972 жылы Қарақалпақстанның, 1976 жылы КСРО халық артисі атанған өмбебап тұлға Әзірбайжанның салған сара жолын айтып отырмын. Білім күні дүниеге келген білікті азаматымыздың жоқтан барды жасап қиналып төккен маңдай теріне бей-жай қарап жүргенімізге алып тұлғаның аруағы не деп тіл қатады екен?

Көзбен көрмесек те, көргеннен естіп, көруге құлшынып-ақ жүрген Әзекең қойған Тахауи Ахтановтың «Жоғалған досын» шынымен сахна төрінен жоғалтып алыппыз. Қазақтың маңдайына біткен біртуар азамат Ғабит Мүсіреповтың «Қозы көрпеш-Баян сұлу» спектаклін сахналау барысында мәрт режиссеріміздің тапқан тың дүниесі - бірі жақсы, бірі жаман қасиеттерді арқалаған екі Жантықтың қара ниеті қойылымда да, өмірде де спектакльдің түбіне жетті деп білем. Сонымен қатар тағдырынан таяқ жеп, құздан құлап кеткен «Қыз-Жібек» мінекей, сахнадан да құлап түсіпті. Біз білмейтін қаншама еңбегі сахнадан сырт қалып, қараңғылықтың құрсауында қамалып жатыр екен. Қазіргі таңда Әзекеңнің өлеміне апаратын мен айтып отырған жалғыз шырақ, жалғыз жол - Ш. Айтматовтың «Боранды бекетінен» сыр шертетін елордамыздағы Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрындағы «Ғасырдан да ұзақ күн» қойылымы. Мақтанышпен айта жүрер Мәмбетовтың дүниелерін сахнадан аластап, салған сара жолынан ығысқан өрбір күн «ғасырдан да ұзақ сәт» шығар.

Бір кездері жарқ еткен жасын едің,
Талай-талай асудан асып едің.
Жол таба алмай бір келіп өкпе айтуға
Жатырсың-ау амалсыз асыл ерім.

Тек кетті деп күйінбе төккен терің,
Бүгінгінің кіналап көп тентегін.
Шөкірттер бар бұл күнде көңілі құрғап,
Шырыныңа шөлдеген көптен сенің.

Түскендей-ақ ғарыштан жұлдыз құлап,
Жанар тігіп сәулеңе тұрмыз бір-ақ.
Жан жылытып бір ғана шырағыңа,
Жалғыз ғана жолыңда жүрміз жылап.

Бұрышынан кестеніз сөгілгенде,
Жұтқа ұшырап қалғандай көңіл менде.
Бақилық боп тұлғалар көзден кетсе,
Кетеді екен Құдай-ай көңілден де.

Қоғамы сыртқа тепкен жазықсыз жол
Қиянат жасап қойды қажырсыз қол.
Ғасырдан да ұзақ күн, ұзақ уақыт
Жалғыз шырақ болсаң да азықсың мол.

Нұржан САЛИМОВ

Түннің сүйкімі

Иірілсе де ұршықта күні,
Біле алмай сендік ұрсып хәліңді...
Сүйемін сенін еркелігіңді,
Сүйемін сенін қырсыққаныңды.

Сүйемін сенін ұрлап тағынды,
Үндемей жүріп тіл қатқаныңды.
Жүрек жарасын тырнаса-дағы,
Сүйемін сенін тырнақтарыңды.

Көктемге көніп аңсап барымды,
Алдыда жүрек қанша ақтарылды.
Жыбырлап қалған жылтыр жүзіксіз.
Сүйемін сенін саусақтарыңды.

Мен солай ұрлап ала тағынды,
Қолыма қысып балапанымды...
Ып-ыстық күнге қақталыпандай,
Сүйемін сенін алақаныңды.

Жұлдыз толтырып түнек түсіңді,
Астыңғы еріңге тіреп тісіңді.
Мен сүймей тұрып жүрек түсыңды,
Сүйіп көремін білек күшіңді...

Түндерге қойып нақ талабымды.
Күнәлі болып ақ-қара мұңлы.
Қадалған жерден қан аламын деп,
Сүйемін сенің ақ тамағыңды.

Керім иық кербез керілгеніңді,
Сен жұтып ыстық менің демімді,
Мен жұтып ыстық сенің деміңді,
Сүйемін сенің еріндеріңді...

Өзіңе ұқсап гүлдің де сыры,
Күннің де сыры, түннің де сыры.
Құлақтан кетті алтының құлап...
Тынымсыз мендік тілдің кесірі.

Жаратқаннан соң бағыма күнді,
Махаббат құйсын арыма құмды.
Қып-қызыл тілім құлақтан құлап,
Су қылып өтті сары даңғылды...

Батылдық менде жүректе күшті,
Қорқыныш мендік жүректе өшті.
Сезімге толы ендігі кезек,
Тілімнен бірден тірекке көшті...

Өсекке түрсін ел сөз құлағын,
Еңіреп емес сен сөз жыладың...
Еріндік болған еріншек сендік,
Оң екі мүшенді дел-сал қыламын,
...кешірші мені!

P.S: Бұлбұлдай үнді сөзіңді қалқам,
Сүйемін қырап көзіңді қалқам.
Шабыттан асқар тау тұрғызсам да,
Шынына қоям өзіңді қалқам!

Айбек МОЛДАБАЙ
Еуразия Ұлттық университеті



автор: Александр ШУНЬКИН



МОДЕЛЬ



АСКАР



ОНА



НОЧНОЙ ГОРОД



МОДЕЛЬ



УТРО



ПОРТРЕТ

Ай жұтылған түн

Түн. Түрме іші құлаққа ұрған танадай, дымданған суық ызғар ескен бөлме ішінде сақал мұрты өскен, андыздап қалған шаштары желке тұсына келіп қозының жүніндей бұйраланып түйдектеліп қалған. Жағы қуарып, еріні кезерген қарт кісі отыр. Кенет түрме дарбазасы ыңырана ашылып:

- Бас аяғыңды жылдам.

- Ұр! Теп! Аяма! Мұндайларды тек таякпен ғана тезге салмаса, ыммен қарағаныңа көнбейді. Өңкей ұлтпыл, жікшіл ақылдысмақтар. Дүрсілдете тепкен соққының дауысы, тасырлай келе жатқан аяқ дыбысы Сағи атаны селт еткізді. Камера есігі ашылып, бет ауызын қан жапқан, көкала қойдай соққы жеп жұлмаланған жас жігітті қара киінген еңгезердей екеу домалатып тастай салды. Тозыңқыраған жейдесінің өңірі, жағасы жырттылып, түймелері үзіліпті. Шарасыздықтан есеңгіреген ол, ентігіп барып, ет асым уақытта абдырап есін әрең жиды.

- Жә, жігітім. Не бүлдірдің? Мына қасқырлардың соққысына қарағанда қылмысыңның жеңіл болмағаны-ау.

- Жоқ, аға! Жазықсызбын. Жалған жаламен әкелді бұлар.

- Жазықсызбын... Мырс етіп күлді.

-Мұнда келгендер өздерін кінәлі санамайды. Иә, иә менде жазықсызбын. Жазықсыз болсам жайдан жай отыз жыл өмірімді осында өткіземін бе...

- Жә, жарайды! Таныса отырайық. Менің атым – Сағи. Сен үшін ағатай. Өз аты-жөніңші?

- Мағжан.

- Мағжан? Жұмабаевпын демеші енді...

- Иә, Жұмабаев Мағжан! Қателеспедіңіз!

- Қой алдама ағанды. Мен оны білемін ғой, әлде мені ақымақ дейсің бе? Ол ақын ғой атақты өлеңдерін көп оқығам. Нағыз талант, дүлдүл ғой ол. Мен оны көзінен танымын, ақын атын жамылып жақсы көрінем деме жігітім.

Мағжан ештеңе түсіндіргісі жоқ. Бұрыштағы тас төсек үстіне қос тізесін құшақтап отыра кетті. Сағи шалға өзінің Мағжан екенін сендірудің жолын енді тапқандай басын сәл көтерін:

Тек ел деген сөз үшін,

Ергеңде ердім ұранға.

Болмаса аян досыма,

Досым түгіл қасыма

Аты бар деп атшы боп,

Қошемет қып қосшы боп,

Ел бастаған ағаға,

Адьютант боп ермедім... деп, екпіндете оқи жөнелді.

- Браво, браво! Шапалағын соға орнынан тұрып, Мағжанға жақындады. Қайтер екен десем намыстанып кеттің ғой тіпті. Мен сені есіктен кіре таныдым. Мұң тұнған көзіңе қарап-ақ Мағжан екенінді білгем. Жарайсың, арысым! «Мен» деген қазақ жігіті сендей - ақ болсын! - деп, Мағжанның қолын қысты да өз орнына қайта жайғасты.

- Е, тағдыр деген осы болар. Сенің қылмысың – күнәсіз қанжар тіліңнен шыққан отты өлең, менің қылмысым ауыр.

- Иә, ағатай отыз жыл бойы тар есік, тас босағадан шықпайтындай не қылмыс жасадыңыз?

Сағи шал ауыр күрсінді.

- Мен Алланың алдында да, адамның алдында да кінәлімін. Жазам ауыр. Жалғыз ұлым ішмдікке құмар болды. Мені әкем, анасын анам деп сыйлағанды білмеді. Бір күні ащы суға тойып келіп ақыл айтқан анасын көзімше кінәләп, тіпті қол жұмсауға дейін барды. Ашу дұшпан демей ме, қолымдағы сойылымен ұлымның көк желкесінен қалай салып қалғанымды білмедім. балам сол жерде жан тапсырды, ал менің орыным осы тас төсек болды.

Мағжан көздері жасаурап, өне - бойын суық тер басып бұрышқа шегіне берді. Сағи атаны

қаніпезерлікке қымай ойлана қарап отыр. Шал Сағи ұйқыға кетіпті. Мағжан қиял жетегімен ұйықтап кеткені сол еді, тұманды түстер шырмап алды. Түні бойы үрейлі түс көріп жөнді ұйқтамады. Таң ата мәнсапты таяқтарын айналдыра, түрме сақшылары есіктің шынжырлы құлпын шынғырта ашып:

- Мағжан Жұмабаев, жылдам шық тергеуе барамыз деп, қос сақшы алдына салып алып кетті.

Кеш батты. Ақын Мағжан домалай жерге аунап түзті. Үсті басы тағы

жыртылған. Көзінде адам баласы түсінер емес үрей, жат қорқыныш бар. Сағи Мағжанды күні бойы күткен адамдай ақынды көріп не қуанарын, не жыларын білмей бұрышта отырып қалыпты. Мағжан ауыр жөтеле тізесін құшақтай отырған жерінде қимылсыз. Байқап қараған көзге дірілдеп отырғаны біліпеді.

- Мағжан, Мағжан-ау қорықпа қарғам. Бәрі жақсы болары сөзсіз. Бастысы берілмесең болды. Ауырды ма? Қане, қай жерің? – деп, Мағжанның асты-үстіне түсіп жатыр шал Сағи.

- Ағатай-ау, әлі түсінбедіңіз ау... Мәнің тәнім емес жаным ауырады. Барша қазаққа жасаған қорлығы жанымды түгіл, тамыр етімді де жегідей жеп жатқандай, ағатай. Қашанғы қазақ шырдар бұл төзімге, қашанғы аға, қашанғы... Басқасы емес, сіз осыған жауап айтыңызшы! Жауап, жауап! - деп есінен танып, жерге топ ете қалды. Сағидың көзі көргені көп, десе де арыстай Мағжанның бұл күйі Сағи атаны алаңдатып тастады.

- Мағжан, Мағжан, есіңді жи! - деп, екі бетінен шапалақпен тартуда. Мағжан көзін жай ғана ашып, көптен бері айта алмай жүргендей:

- Ағатай, түнде бір түс көрдім. Қаптаған шибөрілер жан жағымды торлап, маған азуларын арандай ашып ұмтыла жөнелді. Барымша қаштым, көмекке келер пенде жоқ маңайда. Бір кезде ұсталып қалыппын. Сол сәтте жан анамды көрдім ғой ағатай, анамды. Маған қолын созған екен деймін, сол кезде ояндым. Аяғымнан тартып жатқан анау сақшылар екен.

- Е, қарғам-ау. Анадан көрсең жақсы ғой. Сонда да байқа. Хмм.. ананы қара, ай да бүтін күндегідей жарық екен ә...

